Әділет

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте кадр саясатын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 25 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 ақпанда № 12984 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 7 қазандағы № 4 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 07.10.2016 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының 5-1-бабының 9 тармақшасын, 7-бабының 2-тармағын, 29-бабының 3-7 тармақшаларын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1 -қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемкорлыққа қарсы қызметіндегі кадрмен қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы нәтижелерін бағалау әдістемесі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа карсы кызметте кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерді және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістерін анықтау;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа карсы қызметіндегі қызметкерлердің мансаптық өсу жүйесі мен өлшемшартын;

4) осы бұйрықгың 4-қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа карсы қызметіндегі кадрлық болжамды жүзеге асыру әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл Ұлттық бюросы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарда және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының мәліметіне жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Төрағасы Қ.П. Қожамжаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Мемлекеттік қызмет істері министрі* *Т. Донаков*

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері министрінің
2015 жылғы "30" желтоқсандағы
№ 25 бұйрығына 1-қосымша

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіндегі кадрмен қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы нәтижелерін бағалау әдістемесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіндегі кадрмен қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы нәтижелерін бағалау әдістемесі ( бұдан әрі - Әдістеме) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасын іске асыру мақсатында әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіндегі кадрлық қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы бойынша шаралардың тиімділігін анықтауға арналған.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (бұдан әрі - Бюро) аумақтық бөлімшелері кадрлық қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілері

жұмыс сапасының нәтижелерін бағалау объектілері болып табылады.

3. Бағалау Бюроның кадр қызметімен (бұдан әрі - кадр қызметі) жүзеге асырылады.

4. Бағалау жыл сайын есептілік (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

5. Бюроның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) бағалауды жүргізу үшін ақпаратты кадр қызметіне қағаз және электронды тасығыштармен тапсырады.

6. Бюроның аумақтық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің кадрларды есепке алу жөніндегі статистикалық мәліметтері бағалауды жүргізу үшін ақпарат көздері болып табылады.

7. Бағалау кадр қызметіне ұсынылатын аумақтық бөлімшелердің ақпаратын талдау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Қорытынды бағалауды қою кезіндегі түзетуші мәліметтер мыналар:

әлеуметтік мониторингтің нәтижелері бойынша ұқсас анықтамада көрінетін, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды әлеуметтік мониторингтеудің нәтижелері;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттары;

ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшелерінің ақпараттары болып табылады.

8. Бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) кадр ресуртстарын тиімді пайдалану;

2) қызметкерлердің қызметін бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі;

3) қызметкерлерді оқыту.

9. Бағалау қорытындылары бойынша кадр қызметі осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлық қамтамасыз ету және кадр саясатты субъектілері жұмыс сапасының нәтижелерін бағалау туралы қарытынды дайындайды.

10. Аумақтық бөлімшелердің бағалау нәтижелері бойынша Бюро Төрағасына қорытынды ақпарат енгізіледі.

11. Қорытынды бағаланатын аумақтық бөлімшелерге мәлімет және ұсынымдарды орындау үшін оған қол қойған сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде жолданады.

## 2. Өлшемшарт "Кадр ресурстарын пайдаланудың тиімділігі"

12. Осы өлшемшарт бойынша "Кадр ресурстарын пайдаланудың тиімділігі" ( бұдан әрі – 1 өлшемшарт) аумақтық бөлімшелердің "кадрмен жасақтау деңгейі" және "кадрлардың тұрақсыздығы деңгейі" ұсынған ақпараты негізінде жүргізіледі және екі көрсеткіштің орта баллдары негізінде анықталады.

13. "Кадрмен жасақтау деңгейі" көрсеткіші бойынша бағалау жүргізу кезінде есепті кезең айының соңғы күнінің жағдайы бойынша аумақтық бөлімшелердің есептерінің тиісті мәліметтері ескеріледі.

14. "Кадрмен жасақтау деңгейі" көрсеткіші бойынша бағалау есепті кезеңнің аяғындағы бос орындар санының негізінде есептеледі. Бос орындарды есептеу кезінде сондай-ақ:

бала үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыс;

мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында оқуды өту нәтижелерінде пайда болған бос орындар есептеледі.

15. 1 өлшемшарт бойынша бағалау штат санының бос лауазымдары санының проценттік арақатынасында былайша есептеледі:

бос орындар болмағанда және/немесе кемінде 3% бос лауазымдар болғанда – 5 балл қойылады;

3%-тен 6%-ке дейін бос лауазымдар болғанда – 4 балл қойылады;

6%-тен артық бос лауазымдар болғанда – 3 балл қойылады.

Сонымен қатар, егер 4 немесе одан артық ай бойы лауазым бос болып қала берсе, осы өлшемшарт бойынша бағалаудан әрбір бос лауазым үшін 0,5 балл шегеріледі.

16. Егер алынған нәтиже минус белгісі бар мәнді құраса, аумақтық бөлімшеге осы көрсеткіш бойынша 0 мәні қойылады.

17. "Кадрлардың тұрақсыздығы деңгейі" өлшемшарты бойынша бағалауды есептеу есепті кезеңде жұмыстан шығарылған, іссапарға жіберілген қызметкерлер саны негізге алына отырып жүзеге асырылады:

жұмыстан шығарылғандар және/немесе есепті кезеңнің басында жұмыстан шығару нақты санынан 1% артық болмаған жағдайда – 5 балл қойылады;

есепті кезеңнің басында нақты саннан 1%-дан 3%-ға дейін жұмыстан босатылуы жағдайында - 4 балл қойылады;

есепті кезеңнің басында жұмыстан шығару нақты саннан 3%-дан 5%-ға дейін болған жағдайда - 3 балл қойылады;

есепті кезеңнің басында жұмыстан шығару нақты саннан 5%-дан 7%-ға дейін болған жағдайда - 2 балл қойылады;

есепті кезеңнің басында жұмыстан шығару нақты саннан 7%-дан артық

болған жағдайда - 0 балл қойылады.

18. Сонымен қатар, есептеу жүргізу кезінде:

зейнеткерлікке шығуға байланысты;

қайта құру немесе штаттың қысқаруына байланысты;

науқастануына, қайтыс болуына байланысты;

саяси лауазымға тағайындалуына байланысты;

негізгі қызметкердің жұмысқа шығуына байланысты (бала күтімі бойынша демалыстан, мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау мемлекеттік бағдарламалары бойынша және шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссиясы бекіткен басым мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында оқуды өтуіне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыстан) жұмыстан шығарылған қызметкерлер ескерілмейді.

19. Егер аумақтық бөлімшенің басшысы ауысқаннан кейін алдағы үш ай ішінде басшы лауазымдарды атқаратын қызметкерлердің 3%-дан астамы өз еріктерімен жұмыстан шығарылса, "Кадрмен жасақтау деңгейі" және " Кадрлардың тұрақсыздығы деңгейі" көрсеткіштері бойынша баллдардың орташа сомасынан 3 балл шегеріледі.

20. Қабылданған жас қызметкерлердің 50% есепті кезеңде жұмыстан шығарылған жағдайда, осы Әдістеменің 17-тармағына сәйкес саналатын орта мәннен 1 балл шегеріледі.

21. Егер алынған нәтиже минус белгісі бар мәнді құраса, аумақтық бөлімшеге осы көрсеткіш бойынша 0 мәні қойылады.

## 3. Өлшемшарт "Қызметті бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі"

22. "Қызметті бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі" өлшемшарты бойынша (бұдан әрі – 2 өлшемшарт) бағалау есепті кезеңде аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және аттестаттау нәтижелерінің негізінде жүргізіледі.

23. Осы өлшемшарт бойынша бағалауды есептеуде есептік кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлердің жалпы санынан қызметті жыл сайын бағалау қорытындылары бойынша оларға қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған қызметкерлер санының проценттік қатынасы ескеріледі.

24. Бағалауды есептеу былайша жүргізіледі:

есепті кезеңде аттестаттауға жіберілген қызметкерлер болмаған жағдайда – 5 балл қойылады;

есепті кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлер санынан 1%-тен артық емесіне

қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда – 4 балл қойылады;

есепті кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлер санынан 1%-тен 3%-ке дейінгілерге қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда – 3 балл қойылады;

есепті кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлер санынан 3%-тен 5%-ке дейінгілерге қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда – 2 балл қойылады;

есепті кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлер санынан 5%-тен 7%-ке дейінгілерге қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда – 1 балл қойылады;

есепті кезеңде бағалаудан өткен қызметкерлер санынан 7%-тен артығына қатысты аттестаттау жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда – 0 балл қойылады.

25. Аттестаттау комиссиясы есепті кезеңде аттестаттаудан өтетіндердің арасынан 5%-тен артық қызметкерге қатысты қайта аттестаттаудан өту туралы шешім қабылдаған кезде, "Қызметті бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі" 2 өлшемшарты бойынша бағалаудан 1 балл шегеріледі.

Аттестаттау комиссиясы есепті кезеңде аттестаттаудан өткендердің арасынан 5%-тен артық қызметкерге қатысты атқарып отырған лауазымына сәйкес еместігі туралды шешім және лауазымын төмендету туралы ұсыным қабылдағанда, "Қызметті бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі" 2 өлшемшарты бойынша бағалаудан 2 балл шегеріледі.

26. Егер алынған нәтиже минус белгісі бар мәнді құраса, аумақтық бөлімшеге осы көрсеткіш бойынша 0 мәні қойылады.

27. Есепті кезеңде қызметкерлерге қатысты қайта аттестаттау жүргізу кезінде оның нәтижелері бағалау есебінде пайдаланылмайды.

## 4. Өлшемшарт "Қызметкерлерді оқыту"

28. "Қызметкерлерді оқыту" өлшемшарты бойынша бағалау аумақтық бөлімшелердің ұсынған даярлықтан, қайта даярлықтан және біліктілікті арттырудан өтуі тиіс және өткен қызметкерлері туралы ақпаратының негізінде жүргізіледі.

29. Осы өлшемшарт бойынша бағалауды есептеуде есепті кезеңде даярлықтан, қайта даярлықтан және біліктілікті арттырудан өтуі тиіс қызметкерлердің есепті кезеңде оқудан нақты өткен қызметкерлері санына проценттік қатынасы ескеріледі.

30. Бағалауды есептеу былайша жүргізіледі:
есепті кезеңде 90%-тен 100%-ке дейін оқытылуы тиіс қызметкерлер оқытылса – 5 балл қойылады;
есепті кезеңде 80%-тен 90%-ке дейін қызметкерлер оқытылса – 4 балл қойылады;
есепті кезеңде 70%-тен 80%-ке дейін қызметкерлер оқытылса – 3 балл қойылады;
есепті кезеңде 60%-тен 70%-ке дейін қызметкерлер оқытылса – 2 балл қойылады.
31. Есепті кезеңде даярлық, қайта даярлық және біліктілікті арттыру курстарында оқуға тиіс қызметкерлер болмаған жағдайда, осы өлшемшарт бойынша 0 балл қойылады.

## 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің кадр саясаты субъектілерінің қорытынды бағасы

32. Қорытынды баға "Кадр ресурстарын пайдаланудың тиімділігі", "Қызметті бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі", "Қызметкерлерді оқыту" барлық өлшемшарттар бойынша алынған нәтижелерді қосу арқылы анықталады, сонымен қатар баллдардың жалпы сомасынан төменгі көрсеткіш баллдары алынып тасталады.
33. Есепті кезеңде қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған кезде қорытынды бағадан әрбір қызметкер үшін 1 баллдан шегеріледі.
Есепті кезеңде қызметкер сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған кезде қорытынды бағадан әрбір қызметкер үшін 2 баллдан шегеріледі.
34. Қорытынды бағаны төмендету сондай-ақ ұжымдардағы моральдық-психологиялық ахуал жағдайын әлеуметтік мониторингтеу нәтижелері бойынша жүргізіледі.
Егер әлеуметтік мониторингтеу нәтижелері бойынша ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға:
аумақтық бөлімшенің сауалнама алынған қызметкерлері санының 50% артығы қанағаттанбаса, қорытынды бағадан 2 балл шегеріледі;
аумақтық бөлімшенің сауалнама алынған қызметкерлері санының 40%-тен 50%-ке дейінгісі қанағаттанбаса, қорытынды бағадан 1 балл шегеріледі.
35. Бағалау нәтижелері туралы қорытынды:
аумақтық бөлімшенің атауынан;

барлық өлшемшарттар бойынша бағалау кестесінен; қорытындылар мен ұсынымдардан тұрады.

36. Алынған бағалау нәтижелеріне сәйкес кадрлармен қамтамасыз ету бойынша аумақтық бөлімше қызметінің тиімділік дәрежесі анықталады.

Аумақтық бөлімше қызметі тиімділігінің жоғары дәрежесі бағалау көрсеткішінің 13-тен 15 баллына дейін, орта деңгейі – 10-нан 13 баллына дейін, төменгі деңгейі – 7-ден 10 баллға дейін сәйкес келеді. 7 баллдан төмен бағалау нәтижесін көрсеткен аумақтық бөлімшенің қызметі тиімсіз деп танылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіндегі кадрмен қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілерінің жұмыс сапасы нәтижелерін бағалау әдістемесіне қосымша
нысан

Кадрлық қамтамасыз ету және кадр саясаты субъектілері жұмыс сапасының нәтижелері туралы қорытынды

______________________________

*(аумақтық бөлімшенің атауы)*

_________________

*(есепті кезең)*

| № | Бағалаудың өлшемшарттары | Баллдар |
|---|---|---|
| 1 | Кадр ресурстарын пайдаланудың тиімділігі | |
| 2 | Қызметкерлердің қызметін бағалаудың және аттестаттаудың нәтижелілігі | |
| 3 | Қызметкерлерді оқыту | |
| | ЖАЛПЫ БАҒАСЫ: | |
| | Түзетуші көрсеткіштер: | |
| 4 | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту дерегі | |
| 5 | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту дерегі | |
| 6 | Әлеуметтік мониторинг нәтижелері | |
| | ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА: | |

Бағалау өлшемшарттары бойынша Бюроның аумақтық бөлімшелерінің кадрлық қамтамасыз ету және жұмыс сапасының нәтижелерін талдау:
Қорытындылар мен ұсынымдар:
Бюроның кадр қызметінің басшысы _____________ __________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Аумақтық бөлімшенің басшысы _____________ ____________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

20 __ "___" ___________

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы "30" желтоқсандағы № 25 бұйрығына 2-қосымша

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістерін анықтау

## 1. Жалпы ережелер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістерін анықтау ( бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткішін анықтауға арналған.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің лауазымдары үшін түйінді көрсеткіштер - осы лауазымдар үшін функционалдық міндеттерін орындауда кәсіби біліктілік талаптарына сәйкес белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеру деңгейінің индикаторлары;

2) бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіштері - қызметке кандидиттардың және қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктеріне негізделген, сондай-ақ негізгі лауазымдық көрсеткіштердің және кәсіби жетістіктер туралы объективті деректердің ресми түрдегі сандық көрсеткіші.

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі кәсіби құзыреттер – кәсіби

қызметіндегі мүмкіндіктерінің кеңдігін көрсететін нақты лауазымның құзыреттіліктер шеңберінде қызметкердің кәсіби тәжірбиесі мен білімінің сапалық мінездемесі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің қызметкері мен кандидаттарының кәсіби құзыреттілігінің деңгейін анықтаудағы мақсаттары:

1) атқарып отырған/көзделген лауазымға қажетті кәсіби құзыреттілігін тиімді жүзеге асыру үшін қызметкердің/кандидаттың білім, білік, қабілеттерінің сәйкестігін анықтау;

2) қызметкерлер және басшылардың ұйымдастыру мен кәсіби өзгерулерінің қызметтерінің тиімділігін арттырудағы мотивация;

4. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері алдын ала кандидаттарды қызметке іріктеу және зерделеу кезінде, лауазымға тағайындау және қызметін ауыстыруда, кадр резервіне қойылуда, аттестаттаудан өтуде есепке алынады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кандидаттар мен қызметкерлердің бәсекеге қабілеттіліктерінің көрсеткіштерін есепке алу объективтілік пен әділдік қағидаттарына негізделген және осы Қағидалардың 4-тармақшасында көрсетілген жағдаяттарда жүзеге асырылады.

## 2. Кәсіби құзыреттіліктер

6. Құқық сақтау қызметін реттейтін нормативті құқықтық актілерді білуін кандидаттардың/қызметкердің құзыреттілігін бағалау кешенді тестілеу арқылы анықталады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі қызметкерінің және кандидаттардың кәсіби құзыреттіліктерін бағалау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің лауазымдары үшін негізгі көрсеткіштері

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің лауазымдары үшін негізгі көрсеткіштер: "білім беру", "жұмыс тәжірибесі", "функционалдық міндеттерді шешудегі тиімділік", "дене шынықтыру деңгейі" болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің лауазымдары үшін негізгі көрсеткіштерін бағалау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

## 4. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін есептеу

9. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін есептеу келесі формула бойынша:

$$БК = Қ + К + Ж$$

БК – бәсекелестік көрсеткіші (1 -ден 100 баллға дейін);

Қ - кәсіби құзыреттіліктің бағалау нәтижесі (1-ден 30 баллға дейін);

К – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің лауазымдары үшін негізгі көрсеткіштерін бағалаудың нәтижесі ( 1-ден 40 баллға дейін).

Ж - сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кандидат және қызметкердің кәсіби жетістіктерін бағалаудың нәтижесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кандидат және қызметкердің кәсіби жетістіктерін бағалаудың нәтижесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жүргізіледі.

## 5. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін анықтаудың тәртібі

10. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (бұдан әрі – Бюро) және оның аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметімен (бұдан әрі – кадр қызметі) анықталады.

11. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін кадр қызметі комиссия отырысының күніне дейін бес күннен кешіктірмей жүргізеді және әрбір кандидаттың/қызметкердің бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін көрсете отырып тізім түрінде комиссияға енгізеді.

Бюро басшысының шешімі бойынша (аумақтық бөлімшелердің басшылары) Бюроның (аумақтық бөлімшелердің) қызметкерін қызметі бойынша лауазымға тағайындау және ауыстыру кезінде кадр қызметі қызметкердің бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін көрсете отырып тиісті басшыға ақпарат енгізеді.

## 6. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін анықтау әдістері

12. Бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін анықтау 4 (төрт) баллдық жүйесі негізінде деңгейі бойынша анықталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерінің және кандидаттардың кәсіби деңгейінің дәрежесі төмендегіше анықталады:

4-ші деңгей (70-тен 100 баллға дейін) - қызметкер өз лауазымына қойылатын біліктілік талаптарынан асыратын деңгейде функциясын орындауға қабілетті болып табылады. Ол өз ісінің маманы болып табылады, одан кеңестер мен

консультация алуға жиі жүгінеді. Жұмысты жақсарту жолдарын ұсынуға, сондай-ақ жаңа тәсілдер мен шешімдерді әзірлеуге қабілетті;
3-ші деңгей (50-ден 70 баллға дейін) - қызметкердің жеткілікті білімі бар және лауазымына сәйкес қажетті дағдыларды көрсетеді. Өз өкілеттілігі шеңберінде жүктелген жұмысын өз бетінше және қатесіз орындауға қабілетті;
2-деңгей (30-дан 50 баллға дейін) – негізінен жұмыс орташа немесе жеткілікті дәрежеде орындалады. Қызметкер белгілі бір міндеттерді орындау кезінде білімі жеткіліксіз және кейбір тапсырмаларды орындауда бақылауды қажет етеді.
1-деңгей (1-ден 30 баллға дейін) - қызметкер тапсырмаларын орындау үшін білім деңгейі жеткіліксіз, өздігінен тапсырма орындауға қабілетсіз, басшылық тарапынан үнемі бақылауды талап етеді.
13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте бәсекелестік қабілетін анықтау үшін қолданылатын негізгі әдістер:
тестілеу;
сұхбат кезіндегі комиссия бағасы/бағалау сұхбаты;
басшының бағасы;
эссе жазу сапасының бағасы;
жағдаяттар тапсырмаларын орындау.
14. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген, бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін анықтау әдісі жеке және бірнеше әдістерін ұштастыра отырып пайдаланылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістерін анықтауына
1-қосымша

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кандидаттың және қызметкердің кәсіби құзыреттілігін бағалау

### 1. Құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу деңгейін бағалау

(1-ден 10 баллға дейін)

| № р/с | Ерекшеліктер атауы | Ерекшелік сипаттамасы | Ең жоғары балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының заңнамасын білу | Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңдарын, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін білу | 3 |
| 2 | Құқық қорғау органдары қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу | Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін, Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңдарын, " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Жедел-іздестіру қызметі туралы", Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №892, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №565, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №62, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №146, "Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрықты білу. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10027 болып тіркелген. | 7 |
| БАРЛЫҒЫ | | | 10 |

## Құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу бойынша тестілеудің дұрыс жауаптардың саны және балл арақатынасы

| № р/н | Ерекшелік атауы | Тестілеу тапсырмасының жалпы санының дұрыс жауап пайызы(%) | Балл | Баға (баллы) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының заңнамасын білу | 0 ден 20-ға дейін<br>20 -дан 50-ге дейін<br>50 –ден 70-ке дейін<br>70 -тен 100-ге дейін | 0<br>1<br>2<br>3 | |
| 2 | Құқық қорғау органдары қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу | 0 ден 20-ға дейін<br>20 -дан 50-ге дейін<br>50 –ден 70-ке дейін<br>70 -тен 100-ге дейін | 0<br>2<br>5<br>7 | |
| | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ж А Л П Ы | Б А Ғ А С Ы | 10 | |

## 2. Жеке қасиеттерін бағалау

(1-ден 10 баллға дейін жалпы бағасы)

| № | Жеке қасиеттері | Жеке қасиеттерінің сипаттамасы | Басшылық лауазымдары үшін ең жоғары балл | Орындаушылық лауазымдары үшін ең жоғарғы балл | Бағасы (баллы) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аналитикасы | жаңа ақпараттарды алу қабілеттілігі, нәтижені болжауы, сындарлы көру және перспективтарды пайдалану | 1 , 5 | 1 | |
| 2 | Бастамашылдық | конструктивтік идеясын ұсыну қаблеттілігі, өз қызметінің нәтижесін арттыру үшін бастамасы, өзінің креативтілігін іске асыру | 1 | 1 | |
| 3 | Ұйымдастырушылық | Мемлекеттік қызмет функциялары мен міндеттерін орындау үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету қаблеттлігі ( қызметті тиімді ұйымдастыру қаблеттілігі) | 1 | 1 , 5 | |
| 4 | Коммуникативтігі | тұлғааралық өзара іс-қимылдың жағдайлар белгілі бір диапазонында тиімді ынтымақтастықты құру үшін қажетті ішкі жеке ресурстар жүйесін пайдалану мүмкіндігі | 1 | 2 | |
| 5 | Көшбасшылық | топ (ұйым) іс-әрекеттерін бақылай білу, топта беделі мен ықпалын мойындата білу , ұжымды ынталандыру қабілетті | 1 , 5 | 0 , 5 | |
| 6 | Стратегиялық ойлау | қолдағы бар ресурстарды ақылмен пайдалану кезінде (өзінің және өзгенің) нәтижелерін болжау қабілеті өзгенің) нәтижелерін болжау қабілеті | 1 , 5 | 0 , 5 | |
| 7 | Этикасы | моральдық және этикалық мінез-құлық нормасын сақтау | 0 , 5 | 0 , 5 | |
| | | кәсіби қызметін жүзеге асыру стандарттарына назар аудара отырып, мемлекеттік қызмет және ұйым | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Сапасына назар аудару | стратегиясының мақсаты | 0,5 | 1 | |
| | Азаматқа бағдарлану | азаматтардың қолданыстағы және туындайтын қызметшілердің бағыты | 1 | 2 | |
| 10 | Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік | сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көрсетілетін азаматтық белсенді ұстаным | 0,5 | 0,5 | |
| | БАРЛЫҒЫ | | 10 | 10 | |

## Жеке қасиеттерін бағалауын тестілеу бойынша алған баллдарының және бағалау баллдарының арақатынасы

| № | Жеке қасиеттері | Жеке қасиеттерінің сипаттамасы бойынша жинаған ұпай саны | Басшылық лауазымдар бойынша ең жоғары балл | Орындаушы лық лауазымдар бойынша ең жоғарғы балл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аналитикасы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0,5<br>1<br>1,5 | 0<br>0<br>0,5<br>1 |
| 2 | Бастамашылдығы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0,5<br>1 | 0<br>0<br>0,5<br>1 |
| 3 | Ұйымдастырушылық | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0,5<br>1 | 0<br>0<br>0,5<br>1 |
| 4 | Коммуникативтігі | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0,5<br>1 | 0<br>0,5<br>1<br>2 |
| 5 | Көшбасшылық | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0,5<br>1<br>1,5 | 0<br>0<br>0,5<br>0,5 |
| 6 | Стратегиялық ойлауы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0,5<br>1<br>1,5 | 0<br>0<br>0,5<br>0,5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Этикасы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0 , 5<br>0 , 5 | 0<br>0<br>0 , 5<br>0 , 5 |
| 8 | Сапаға бағдарлануы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0 , 5<br>1 | 0<br>0<br>0 , 5<br>1 |
| 9 | Азаматқа бағдарлануы | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0 , 5<br>0 , 5 | 0<br>0 , 5<br>1<br>2 |
| 10 | Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік | 0-ден 1-ге дейін<br>1-ден 2-ге дейін<br>2-ден 3-ке дейін<br>3-тен 4-ке дейін | 0<br>0<br>0 , 5<br>0 , 5 | 0<br>0<br>0 , 5<br>0 , 5 |
| | ЖАЛПЫ БАҒАСЫ | | 1 0 | 1 0 |

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістерін анықтауына
2-қосымша

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы лауазымдары үшін түйінді көрсеткіштері

(1 -ден 40 баллға дейін)

**1. "Білім" көрсеткіші** (жалпы баға 1-ден 10 баллға дейін)

"Білім" көрсеткіші бойынша баллдар ғылыми деңгейі (немесе) білім туралы құжатпен беріледі.

| көрсеткіш | Жалпы | Профильдік |
|---|---|---|
| Техникалық және кәсіптік | 3 | 6 |
| Бакалавр | 4 | 7 |
| Магистр | 5 | 8 |

Ғылым кандидаты6 9

Ғылым докторы, PhD7 1 0

"БІЛІМ" КӨРСЕТКІШІНІҢ ЖАЛПЫ БАҒАСЫ:__________

## 2. Жұмыс тәжірибесі (жалпы баға 1 -ден 15 баллға дейін)

Құқық қорғау және арнайы органдардағы немесе басқа қызметте атқарып отырған лауазымына байланысты әр жыл сайынғы жұмысы үшін балл беріледі.

| Жұмыс тәжірибесі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Еңбек өтілі | Құқық қорғау және арнайы органдардағы қызмет бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі | | Құқық қорғау және арнайы органдардағы басқа да қызмет бойынша жұмыс тәжірибесі | | Тағы басқа |
| | Орындаушылық | Басшылық | Орындаушылық | Басшылық | |
| 10-нан жоғары | 1 0 | 1 5 | 8 | 1 0 | 5 |
| 5-пен 10 жыл аралығы | 8 | 1 3 | 6 | 8 | 4 |
| 1- ден 5-ке дейін | 6 | 1 1 | 4 | 6 | 3 |
| тәжірибесі жоқ | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

"ЖҰМЫС ТӘЖӘРБИЕСІ" КӨРСЕТКІШІНІҢ ЖАЛПЫ БАҒАСЫ: ______
_ _ _ _ .

## 3. Функционалдық міндеттерді шешудің тиімділігі

(1 -ден 15 баллға дейін)

Функционалдық міндеттерді шешудің тиімділігі үшін:
тергеу және жедел бөлімшелері ахуалдық міндеттерді шешу және тестілеу

жолдары арқылы анықталады.

